

## Тарихи анықтама

«Ритуал» МКК шаруашылықты жүргізу құқығы негізінде құрылған. Орал қаласы әкімдігі Орал қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жеке меншік және атқарушы органы болып табылады.

«Ритуал» МКК-ны заңды тұлға ретінде бірінші БҚО Әділет Департаментінде 1992 жылы 22 қаңтарда №73 тіркелді.

**Негіздеме: № қор № 1т.№7 іс.№1п**

**Кәсіпорынның негізгі міндеттері:**

- халыққа жерлеу бойынша ритуалды қызмет көрсету
- тексіз, туысы танылмағандарды жерлеу

Батыс Қазақстан облысы Әкімінің 1997 жылғы 25 ақпандағы №43 шешімімен бекітілген МКК тізбесіне сәйкес Орал қаласы әкімінің 1997 жылғы 18 маусымдағы №817 Шешімі негізінде «Ритуал» МШК қайта тіркелді.

1997 жылғы «Ритуал» МК штаттық құрылымы:

Әкімшілік-басқару персоналы:

Директор – 1

Бас есепші-1

Бейіт меңгерушісі-1

Бейіт меңгерушісі-1

Кассир-0,5

Тапсырыстар администраторы-1

Жұмысшылар:

Бейітті қараушы-4

Венктерді дайындаушы жұмысшылар- 3

Орынды тазалаушы- 5

өндірістік орындардағы от жағушы-1

жер қазушы жұмысшылар-7

жұмысшы –санитарлар-7

ритуалды қызмет жұмысшылары-4

Қарауылшы- 6

Шебер-4

жүргізушілер – 3

Барлығы: 44

Негіздеме: № қор; №1т, 27,30 істер, 1-4 пп. 1-6 пп.

«Ритуал» МШК БҚО Әділет Басқармасына 2003 жылғы 10 қыркүйекте №1386-1926-МК Тұрғын үй коммуналды және жол шаруашылығы Басқармасы «Ритуал» МКК болып қайта тіркелді.

Мақсаты мен міндеті бұрынғы болып қалады.

2008 жылы 13 маусымда Тұрғын үй коммуналды және жол шаруашылығы Басқармасы «Ритуал» МКК БҚО Әділет департаментінде «Орал қаласы әкімдігі Орал қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және

автомобиль жолдары бөлімінің «Ритуал» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта тіркелді.

Кәсіпорынның міндеттері мен қызметі:

- өлген тексіз адамдарды жерлеу;
- түскі тамақтануды ұйымдастыру және өткізу;
- жерлеу ритуалдарын өндіру (гробтар, венктер, ленталар, ескерткіш тақталар);
- жерлеуді ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету (бейітті қазу, катафалктер, оркестрлар ұсыну, қайта жерлеу және тағы басқалар);
- ескерткіштерді мен белгілерді құру, қоршау, сырлау, зиратты күту қызметтері;
- қопсыту жұмыстары;
- жерлеуді ұйымдастыру және өткізу жұмыстары;
- құзыретті органдардың рұқсатымен қызмет түрлерінің тауар айналымын жүзеге асыру;

Мекен-жайының ауысуына байланысты «Ритуал» МКК 2011 жылдың 3 қазанында БҚО Әділет департаментінде «Орал қаласы әкімдігі Орал қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Ритуал» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайтадан тіркелді.

Міндеттері мен қызметі бұрынғы қалпында қалдырылды.

Кәсіпорынның 2011 жылғы штаттық құрылымы:

Әкімшілік-басқару персоналы:

Директор-1

Директордың қаржы жөніндегі орынбасары- бас есепші-1  
жұмысшылар мен қызметкерлер:

заңгер-1

мем.тілді меңгеру жөніндегі маман-1

есепші-1

веб-портал маманы-0,5

ісжүргізуші-1

кассир-1

суретші-1

сатушы-1

безендіруші-1

меңгеруші-1

қараушы-3

мерекелік демалыстарда тапсырыс қабылдаушы-1

құрылғышы-0,5

жүргізуші-3

өндірістік орынды тазалаушы-1

зират жұмысшылары-4

санитар-1

қарауыл-6

Барлығы:29

**Негіздеме: № қор.№1т.172 іс.1-2пп**

Жерлеу төмендегі зираттарда өткізіледі:

1. «Свистун гора»- жер учаскісінің көлемі 30,0 га.
2. «Ескі мұсылман зираты» - жер учаскісінің көлемі 13,2445 га.
3. «Ескі православ зираты» - жер учаскісінің көлемі 15,6976 га.
4. «Ескі еврей зираты» - жер учаскісінің көлемі 0,2897 га.
5. «Мұсылмандар зираты» - жер учаскісінің көлемі 0,4582 га.
6. «Христиан зираты» - жер учаскісінің көлемі 2,3295 га.

«Ритуал» МКК –ны Орал қаласы бойынша жерленген орындарды күту және тексіздепді жерлеу сияқты қызмет түрлерін көрсететін нарықтағы басымдылық үлесі 100 пайыз мемлекеттік нарық субъектілерінің тізіліміне енгізілген. Кәсіпорын мемлекет тапсырысын орындауға міндетті. Кәсіпорын өнімдерілетін тауарлардың бағасын (жұмыстарын, қызметтерін) мемлекеттік органдармен талаптарды қоя отырып, өзі бекітеді. Тексіздерді жерлеу бекітілген есепке сәйкес автокөліктер, дайын зираттарды беру, жерлеу қызметтері №3 зиратта жүргізіледі. 2008 жылғы 458-017000-0149 «Жерленетін орындарды күту және тексіздерді жерлеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 201 жерлеу құны 2567775 теңгені құрайды. Жазғы уақыттарда тексіздердің өлеуі азаятындығы байқалады, ал салқын түсе салсымен қайтыс болу факторы күрт көтеріледі және жылдың соңында қаражатты игеру 100 пайыз теңеледі.

Мемлекет тапсырысымен қамтылмаған қызметтер мен жұмыстарды кәсіпорын өзінде жүзеге асырады.

Кәсіпорында өндірілген тауарлардың бағасы (жұмысы, қызметі) тауарларды өндіруге кеткен шығындардың орнын толтыруды, кәсіпорын қызметінің шығынсыз болуы және жеке кіріс есебінен қаржыландыруды қамтамсыз етуі керек.

Мемлекет тапсырысынан бөлек кәсіпорында өндірілген және қалыптастырылған тауарларға бағаны (жұмысты, қызметті) кәсіпорын өз бетінше белгілейді.

«Ритуал» МКК Қарттар мен жалпы үлгідегі мүгедектерге арналған ОМӘМ-нің, Круглоозерный психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесінің қайтыс болған қамқорланушыларын, сонымен қатар, «Облыстық клиникалық ауруханасы» МКҚК, «БҚО денсаулық сақтау департаментінің перинатальды орталығы» ММ-нің биологиялық қалдықтарын жерлеу бойынша қызмет көрсетеді.

Халыққа қайтыс болғандарды жерлеу үшін дайын зираттар ұсыныларды: тағалы мұсылмандарша тағасымен, христиандық.

Кәсіпорын клиенттардың қалауымен кез-келген тілде азалы лентамен безендірілген қаралы гүл шоқтарын жасайды.

Орал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №3309 «Орал қаласы әкімдігі Орал қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Ритуал» мемлекеттік

коммуналдық кәсіпорнын тарату туралы» қаулысы негізінде «Ритуал» МКК –ны таратылды.

Құжаттар алғашқы рет ғылыми-техникалық өндеуден өтуде.

Құжаттардың сақтау деңгейі –қанағаттанарлық.

Құжаттар құрылымдық – функционалдық және хронологиялық бағыты бойынша жүйеленген.

Мұрағаттық қорға жасалған ғылыми – анықтамалық аппарат құрамын тізімдемелер, тарихи анықтамалар құрайды.

Ақпарат тасығыштары қағаз түрінде.

Аннотация, библиография, құжаттарға қол жеткізу және пайдалану туралы ақпарат сияқты элементтер жоқ.

№ 1 тұрақты сақталатын істер тізімдемеге жергілікті өкілді және атқарушы органының қызметке қатысты бұйрығы, жергілікті өкілді және атқарушы органының қызметке қатысты заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілері, тексіз, туысы танымаған жерленгендердің құжаттары (өлім туралы куәліктер, түбіртектер), жерленгендерді есепке алу кітабы, туысы жоқ іздеусіз мүрделерді жерлеу актілері, жылдық шығындар және кірістер сметасы, жылдық бухгалтерлік баланс, штаттық кесте, жылдық статистикалық есептер, еңбек бойынша жылдық есептер енгізілді.

№1ж жеке құрам бойынша тізімдемеге өндіріс және жеке құрам бойынша бұйрықтар, еңбекақы есептеу ведомостары, ЖЗҚ қаражат аудару бойынша құжаттар, әлеуметтік аударымдар бойынша құжаттар енгізілді.

№2ж тізімдемеге жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеке карточкалары және еңбек шарттары енгізілді.

Қордың хронологиялық шегінен шығатын құжаттар туралы мәлімет жоқ.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде келесі есептік құжаттар құрастырылды:

1. 180 іс енгізілген 1989-2015 жылдар аралығындағы тұрақты сақталатын істердің №1 тізімдемесі;

2. 59 іс енгізілген 1992-2012 жылдар аралығындағы жеке құрам бойынша №1ж тізімдемесі;

3. 18 іс енгізілген 1997-2011 жылдар аралығындағы жеке құрам бойынша №2ж тізімдемесі (жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеке карточкалары және еңбек шарттары)

4. 302 іс енгізілген сақтауға жатпайтын 1989 – 2009 ж.а құжаттарды жоюға бөлу туралы акт.

5. Тарихи анықтама

Құжаттардың өндеу сапасы мен қалпы – жақсы.

Құжаттардың тілі – орысша.

**Құрастырған:**

**Мұрағатшы**

**З.Алиева**